

Қаражота селолық округіндегі ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі N 1665 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының әділет басқармасында 2008 жылы 5 мамырда N 2-8-89 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 3411 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің 2008.12.24 N 3411 Қаулысымен

Қазақстан Республикасы "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық Министрінің 2004 жылғы 5 қарашадағы N 632 "Адам және жануарлар үшін ортақ (бруцеллез) ауруларды алдын-алу және күресу жөніндегі ветеринариялық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық Ережені бекіту туралы" бұйрығын басшылыққа ала отырып және Еңбекшіқазақ аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік бас ветеринариялық инспекторының ұсынысына сәйкес адамдарды сарып ауруынан қорғау мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қаражота селолық округіндегі жеке ұсақ малдарының сарып ауруын жою мақсатында шектеу қойылсын.
2. Сарып ауруын жою жөніндегі ветеринариялық-санитарлық іс шаралар жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.
3. Аудандық мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы Қаражота селолық округінің тұрғындары арасында санитарлық-эпидемиологиялық ағарту жұмыстарын күшейтіп, сарып ауруы тіркелген ошақтарда және ол округтегі ауыл тұрғындарынан сарып ауруына қан алу жұмыстары жүргізіліп үнемі бақылауға алынсын.
4. Қаражота селолық округінің ветеринариялық инспекторы малдардың қозғалысын және бекітілген іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау жұмыстарын қатаң түрде жүргізсін.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бөлтiрiк Аусадықұлы Жақыповқа жүктелсін.
6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Тойбаев

Еңбекшіқазақ
2008
N
қосымша

жылғы
1665

ауданы
25

әкімдігінің
сәуірдегі
қаулысына

Қаражота селолық округінің ұсақ малдардың сарып ауруын жою мақсатында шектеу қою туралы іс-шаралардың ЖОСПАРЫ

N	Ветеринарлық-санитарлық шаралар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Кімнің бақылауында
1	Қолайсыз ошаққа аудандық тарапынан қою әкімдігі шектеу	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
2	Ауру қораны шыққан эпизоотиялық-эпидемиялогиялық тексеру актісін шығару	үнемі	Комиссия құрамы	Аудандық аумақтық инспекциясының бас мал дәрігер инспекторы
3	Ауру малды шұғыл түрде бөлу тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
4	Ауру малды алу және жою	үнемі	комиссия құрамы және Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын "Республикалық эпизоотияға қарсы күрес отряды"	Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
5	Мал тұрған қораны тазалап, көң мен киды далаға бір жерге үйіп шығарылуы тиіс	үнемі	Мал иесі	Селолық округтің вет. инспекторы
6	Мал тұрған қораға және сойылған жерге залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, РМҚК "РЭО"	Селолық округтің вет. инспекторы
7	Қалған малдан 2 рет қатарынан 15-30 күнде қан алу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, РМҚК "РЭО"	Селолық округтің вет. инспекторы

8	Екі рет таза шыққан сау малды 3 айлық тәртіптің бақылауға алу немесе әр 45 күнде тағы 2 рет қан алу	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық округтің вет.инспекторы
9	Ауру ошақта қорытынды залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу, басқа мал ауырмаса	үнемі	Лицензиялы мал дәрігер, иесі, "РЭО"	мал мал РМҚК	Селолық округтің вет.инспекторы
10	Қолайсыз ошақтан аудандық әкімдігі тарапынан шектеу алу туралы шешімі	үнемі	Аудандық ауылшаруашылық бөлімі		Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы
11	Адамды сарып ауруынан қорғау шаралары және жеке бастың гигиеналық талаптары:				
	1) Арнайы киімі және аяқ киімі болу керек;	үнемі	Мал иесі		Селолық округтің вет.инспекторы
	2) Қолжуғыш, сүлгі, сабын, 1 - көмек көрсететін аптечка;	үнемі	Мал иесі		Селолық округтің вет.инспекторы
	3) Кір киімді салатын, жуатын ыдыс болу тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық округтің вет.инспекторы
	4) Үш тастаған козыларды, бұзауларды жинайтын ыдыс және көметін арнайы шұңқыр	үнемі	Мал иесі		Селолық округтің вет.инспекторы
	5) Құрал-сайман, залалсыздандыру препараттары болуы тиіс;	үнемі	Мал иесі		Селолық округтің вет.инспекторы
	6) Сарып ауруына тексерілмеген адамды мал күтіміне жібермеу	үнемі	Мал иесі		Селолық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері

